

ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОГРАФИЯ

Сайран ӘБУШӘРІП

(Түркістан)

КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗБАЛАРЫ МЕН АҢЫЗДАРЫНДАҒЫ
АФРАСИАБ-АЛП ЕР ТОҢАҒА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР МЕН
АЙТЫЛЫМДАР

В статье на основе анализа тюркских источников и мифов рассматривается жизнь и деятельность Великого Кагана Турана Афрасиаба (Алп Ер Тонга).

Bu yazıda, Türk kaynakları, eserleri ve efsanelerinde yer alan Turan'ın büyük kağanı Afrasyab'ın (Alp Er Tunga) hayatı anlatılmaktadır.

Афрасиаб атымен байланысты өрбіген оқиғалар негізінен түрік қауымдары мекен еткен аймақтарда болып өткен. Олардың тарихын кейбір деректер б.д.д. 2800 жылдары өмір сүрген Гилгамиш хан және оның шарапына бітілген қыш жазулар пайда болған дәуірмен байланысты рудың дұрыстығын көрсететін сияқты. Өткен ғасырдың 40-шы жылдарында ағылшын археологы Лэйард [1] Ассирия астанасы Ниневиядағы Ашурбанипал (б.д.д. 669-631 ж.ж.) сарайының қалдықтарынан 20.000 қыш кітабы бар кітапхананы тапқан. Әсіресе, мрамор плитада гиммирлер жөнінде жазылған, ал олардың көсемі Тугдамме сақтар елінің патшасы деп аталынған. Бұл тайпалар тобына гиммирлер-киммерлер және Геродоттың айтуынша, Азиядан келіп қаратеңіз бойларын мекендеген скифтер жатқан [2]. Бұлардың аталған кездегі позициясы мығым еді. Б.д.д. VIII-VII ғасырдың басында гиммирлер деп аталатын салт атты әскерлердің жойқын шабуылдауы Ассирия патшаларын қатты алаңдатты. Олардың Кіші Азия мен Солтүстік Иранға еніп шағын патшалықтарды құруы көршілер үшін найзағай отындай әсер қалдырды. Әсіресе бұл жағдай Лидия мемлекетінің әлсіреуіне себепші болды [3].

Ашурбанипал патшалығының соңғы жылдарында Кіші Азияға алдымен киммерлер, олардың артынан іле-шала скифтер басып кіреді. Олар алдымен Сирия, Фаластинаны басып алып, Ассирия мен Египет шекараларына дейін барды. Тіпті Мидия мемлекетіне де қауіп төндірді. Мидия шахы Қайхусрау (Киаксар) скифтердің дүниеге данқы кеткен жауынгер атты әскерлерінің бірсыпырасын өз жағына айлакерлікпен шығарып алуға, олардың басшысы қаған Мадиезді қонақасында у беріп өлтіруге қол жеткізді.

Скифтер тарихы мен этнотегі жөніндегі өткендегі мен қазіргі заман тарихшыларының пікірлерінде бір ізділік жоқ. Мәселен, антикалық тарихшы Милеттік Гекатей скифтер Қабулды жайлаған деп көрсеткен. Ежелгі Рим жазушылары парфяндардың әдет-ғұрпы, құрал-жабдықтарына

карап олардың скифтерден айырмашылығы жоқ деп жазады. П. Трог Парфия мемлекетін скифтер орнатқан деген пікірді алға тартады. Біздің заманымыздың орыс ғалымы А.Б. Дитмар скифтерді Иран тілдес халықтарға жатқызып, олар сақ-массагеттермен туыстас деп біледі [4].

Тарихта скифтер мен киммерлерді бір тайпа деп білгендер де болған. Ассирия гимнінде киммерлер шахы Лигдамас скифтер-сақтар шахы деп тұжырылады. Вавилондықтар сақтарды “гиммер” – киммер деп атаған. Археологиялық ескерткіштер олардың әдет-ғұрпы, тұрмыс-салтының жақындығын көрсетеді. Гомер “Илиадада” қымыз киммерлердің ең маңызды тамағы деп жазса, ассириялықтар да скифтердің қымыз ішіп, жылқы етін жеп күнелткендігін тілге алған [5]. Кейініректе киммерлер өздеріне тілі, мәдениеті жағынан етене жақын скиф тайпаларына сіңіп кеткен. Грек деректерінде б.ғ.д. XIII-XI ғасырларда киммерлер теңіз жағалауларында өмір сүрген делінген. Олар б.д.д. IV мыңжылдықтағы шумерлердің ұрпақтары болуы керек. Антикалық грек тарихшылары киммерлердің б.д.д. VII ғасырда Кіші Азияға кіріп, Ассирия мен Мидияға үстемдігін орнатқандығын жазып қалдырған. Гомердің “Илиада” дастанында киммерилердің сипаты берілген. Онда: киммерлер Қиыр Солтүстікте өмір сүретін аңыздық халық делінген, оны тіпті Британиямен байланыстырған тұстар кездеседі. Бұл, әрине шындыққа сай келмейді [6]. Олар, археолог И.В. Кулина дәлелдегендей, Амурдарияның, төменгі бойларында өмір сүріп, кейініректе Қара теңіздің солтүстік жағалауларына көшіп барған.

Өзбек зерттеушілері Ф. Сулайманова, Н. Рахмонов, Ф.Бойназаров және А. Абдурахмановтар киммерлер мен скифтерді түріктердің ежелгі ата-бабалары ретінде көрсетеді [7].

Інжілде тілге алынған Гомер ұлдарының бірі- Ашканоз (немесе Ашкеназ). Оны тарихшылар скифтер қауымының аты деп көрсетеді. Гомердің тағы бір ұлы Тогарма (Тохарма) деп аталған [8]. Одан Месопотамияда өмір сүрген халықтар тараған-мыс.

Түрік тайпаларының ішіндегі көнесі гумер (гомер) болып есептелінеді. Ол Нух пайғамбар кезіндегі топан судан соң дүниеде пайда болған алғашқы халық деп ұғынылған. Інжілде гумер (гомер) Нух пайғамбардың ұлы Япшінің немесе Яфиттің (Яфас) бірінші перзенті деп көрсетілген [9]. Көне тарихты зерттеушілер киммер тайпасын гумер қауымының аты ретінде мойындайды. Тарихи шығармаларда бұл түрік тайпасының аты киммер, гиммер түрінде, шумер кейде сумер түрінде де жазылған.

Антикалық деректердегі скифтердің әдет-ғұрпы, салт-санасы, турмысы мен мәдениетіне берілген сипаттамалар көне түріктердікіне сәйкес келеді. Скифтердің қолбасшысы, жолбасшысы мен елбасшысы түріктерден болған. Мысалы, грек деректеріндегі Мадиез, ассирия жазбаларындағы Мадейскифтер қағаны. “Билгамиш” эпосын (б.д.д. III мыңжылдық) дүниеге әкелгендер скифтердің көне ата-бабалары болып табылады деуге болатын сияқты. Көне скифтерде өз қағандарын, батырларын мадақтап, ұлықтау мақсатында оларды айбатты жануарлардың атымен атау дәстүрге айналған

болатын. Скифтердің белгі-нышаны – арыстан немесе жолбарыс сипаттас күшті хайуан. Скиф – жалпылама атау ретінде бір мемлекеттің, бір қағандықтың аты. Бұл мемлекетте жүздеген тайпалар және ондаған этностар болған. Шын скиф – үлкен мемлекеттің іргесін қалаған бір халық немесе тайпа. Оның өзегін түріктер құраған деп білеміз. Олардың өзіне тәндігі, әсіресе “аң стилі” өнерінде көрініс береді. Яғни олар өздерін аңдар дүниесімен байланыстырған. Геродот скифтер Азияда 28 жыл бойы үстемдік етті деп жазады. Скифтерді шығыс деректері асгуза, вавилония – ишкуса, еврей – ишкуа деген атпен танытқан. Грек тарихшылары оларды турадан тура скифтер деп атаған. Геродоттың жазуынша, “парсылар барлық скифтерді сактар деп атайды” [10].

Ассирия патшасы елінің таныштығын сақтауды көздеп Мадиездің әкесі Прототиге өз қызын әйелдікке берген. И.М. Дьяконов Мадиездің Ашурбанипалдың күйеу баласы болғандығын атап өтеді. Мидия шахы Қайхысраудың Мадиезді өлтіріп, Ассирия кітапханасын жағып жіберуді ұйымдастырғаны тектен тек емес. Бұл Қайхысраудың Ассирия кітапханасында киммерлер мен скифтер мәдениеті, тарихы және әдебиеті бітілген қазынаның барлығын сезгендігінен туындаған әрекет емес пе екен?

Скиф қағаны Прототей, одан соң оның ұлы Мадиез 28 жыл (652-625 жж.) Кіші Азия елдерінде патшалық құрған. Скифтердің Мидияға басып кіруі былайша болған: Мидия шахы Фроорт ассириялықтармен болған шайқаста жеңіліп қалады. Ұлы Киаксар (Қайхысрау) әскерін қайта жинап, соғысқа дайындала бастайды. Геродоттың жазуынша, Киаксар әкесінің өшін алу үшін әскерлерімен Нин шәһарына қарсы жорыққа аттанады. Ол ассириялықтарды жеңіп, Нин қаласын қоршауға алған кезде скифтердің көп санды әскерлері оның мемлекетінің шекарасын бұзып өтті. Олардың жолбасшысы Мадиез болып, ол Прототейдің ұлы еді [11]. “...Көптеген ғылымдар Геродот тілге алған Мадиез Гогтің (ассириялықтарша -Гаги) немересі болуы керек деп топшылайды. Өйткені, оның әкесі Прототейдің есімі мен Ашурбанипал тұтқындаған Гог ұлының есімі ұқсас. Оның ұлының есімі Парити болған. Бұл скифтер аттың құлағында ойнаған епті, мергендікте ұста болып, жылқының етін жеген, қымызын ішкен. Олар нақ киммерлер сияқты шайқасады-кенеттен шабуылға өтіп, талаб қайтады” [12]. Тұтқиылдан тосын шабуылдау Темір әулетінің билік құрған кезіне де тән болып, ол “турктоз” әдісі (тактикасы) деп аталған [13].

Мадиез қайтыс болғаннан кейін скифтер Кіші Азияға, әсіресе Лидияға қашып келіп паналайды. Скифтерді жою мақсатын көздеген Қайхұсрау Лидия елінің шахы Алиоттпен 6 жыл соғысады. Ақырында келісімге қол жеткізіп, шекараны Галис – қазіргі Қызыл Ирмақ дариясының бойымен белгілейді. Қайхысраудың ұлы Астиаг Лидия шахының қызына үйленеді. Скифтердің Лидияны пана тұтып келуіне қарағанда, лидиялықтар да түріктерге жақын қауым болған көрінеді. Айтқандай, Қызыл Ирмақ дариясы атының да түрікше екендігі назар аудартады. Осынау фактілер

мен пайымдауларға қарап, А. Абдурахманов Алп Ер Тоңа мен Мадиезді бір тұлға, бір кісі деп есептейді [14].

Сонымен, Киммерийлерді өкшелей қуа отырып, скифтер Азияға өтті және мидиялықтардың державасын күйретті (скифтер келгенге дейін Азияны мидиялықтар билеп тұрған).

Осынау мидиялықтар кімдер еді? Б.з.д. II мыңжылдықта арийліктердің Ариверта деп аталған тобы Кавказ бен Арал-Сырдариядан өтіп Үндістанға қарай жол алған. “Авесто” бойынша, олардың Иран жерінде қалғандары “Арийана” деп аталды [15]. “Арийана” көне пахлави тіліне “Иран” түрінде көшкен [16]. Арийлер Иран территориясына қоныстанбастан бұрын бұл жерлерде өздері туралы өте аз мәлімет қалдырған түрлі халықтар мекендеген. Біздің заманымыздан 2000 жыл бұрын қоныс аударған арийліктердің қысымымен байырғы халықтар өз жерлерінен қуылып, олардың мекендеріне көшпенділер орналаса бастаған. Арийлік көшпенділер мидиялықтар және парсылар болып екіге бөлінді. Мидиялықтар шығыста, ал парсылар Орталық Иран мен Каспий теңізінің төңірегіне орналасты. Көшпенді болған бұл екі тайпаны б.з.б. 836 ж. ассириялықтар басып алды [17].

Арий тайпаларының ең күштісі болған мидиялықтар өздерінен басқа тайпаларды қол астына біріктіріп, ассириялықтардан өздерінің тәуелсіздігін алды. Б.з.д. 708 жылы Дайа-уккудың басшылығымен астанасы Экбатан (Хамадан) қаласы болған күшті бір мемлекет құрды. Таяу және Орта Шығыс тарихының сахнасынан бір жарым ғасыр түспеген мидиялықтар Оңтүстік Иран мен Кіші Азияның бір бөлігін қамтыған үлкен бір территорияға ие болды. Иран тарихы тұрғысынан алып қарағанда мидиялықтар арий тайпаларының ішінен алғашқы болып Иран территориясынан тыс жерлерді иеленді. Олардың соңғы билеушісі Астиагтың б.з.д. 550 жылы ахеменидтік Куруштан (Кир II) жеңілуіне байланысты бұл мемлекет тарих сахнасынан жойылды.

Осынау мидиялық-ирандықтарға қарсы тұра алған ел Тұран ғана болды. Оның халық жадында сақталып, хатқа түскен Ұлы қағаны Афрасиаб – Алп Ер Тоңа еді.

М.Қашқаридің “Девону луғотит турк” кітабына енген Алп Ер Тонгаға бағышталған өлеңдер тобы, олардың үзіндісі біртұтас өлеңдік шығарманың бөліктері болып табылады. А.Фитрат Өзінің “Түрік әдебиетінің ең көне үлгілері” шығармасына “Алп Ер Тонганы жоқтау”(10 төрттік бәйіт), “Оқ пен Жебе” (5 төрттік бәйіт), “Соғыс майданы хақында”(17 төрттік бәйіт), “Жаз ойындары” (8 төрттік бәйіт) атты өлеңдерді енгізген [18]. Ал танымал шығыстанушы И.В.Стеблева болса “Танғұттармен шайқас” (20 төрттік бәйіт), “Ұйғырлармен шайқас” (6 төрттік бәйіт), “Ябақулармен шайқас” (7 төрттік бәйіт), “Ябақулармен шайқас”(5 төрттік бәйіт), “Алп Ер Тонганы жоқтау” (11 төрттік бәйіт), “Аты белгісіз Қаһарманды жоқтау” (4 төрттік), “Қыс пен жаздың айтысуы”(23 төрттік), және атауы қойылмаған басқа өлеңдер топтамасын біріктіреді [19]. Сондай-ақ, өзбек зерттеушісі М. Иброхимов “Қыс пен Жаздың айтысы”(9 төрттік), “Күтілмеген шайқас” (9

төрттік), “Екі ханның шайқасы” (9 төрттік) сияқты өлеңдерді қалпына келтіріп, оларды ежелгі түріктік баллада жанрының алғашқы үлгісі деп есептейді [20].

Диуандағы өлеңдер көбінесе төрт жолдық бәйіт болып қафияланып, яғни жолдарының ақырғысы дауысты дыбыстармен, ұксас сөздермен, Буындармен – а-а-а-ә, б-б-б-ә, в-в-в-ә түрінде аяқталып отырады. Үзіктер бұындар саны мен өлшемі және қафиялануының ұқсастығына қарап біріктірілсе, белгілі бір тұтас өлеңдік шығарма жүзеге келеді. Үзіктердің мазмұны да олар бір үлкен шығарманың құрамдас бөліктері деген қорытындыға келуге мүмкіндік береді. Бұл реттегі проф. Б. Валиходжаевтың пікірі назар аударарлықтай маңызға ие. Ол “Девондағы” автор пайдаланған кейбір үзінділер төрттік түрінде жазылған ежелгі “саудан” (“сов”)* алынған көрінеді [21] деп тұжырады.

Осынау өлең үзінділерін Алп Ер Тонга дастанының бізге келіп жеткен бөліктері деуге негіз бар ма?

Дастандағы оқиғалар кейде кейпкер, кейбір жерлерде акын тілімен әңгімеленеді. Тұтас түрдегі дастан сол Алптың қайғылы өлімінен соң дүниеге келген деуге болады. Оның шығыстық көне дәуір мәдениетінің жемісі екендігін шығарма композициясының ұлы қаған құрған мемлекеттің мұраттарына сәйкес халде түзілгендігі дәлелдейді. Шығарма жазба әдебиеттегі дастандар сияқты Ұлы Көк тәңірінің атына айтылған мадақпен басталады.

Тангри ажун турутти,
Чигри из тезгинур.
Юлдуздари иркашиб,
Тун кун уза бурканур[22].
Яратти яшил яш,
Тизилди қара куш.
Савурди ўрунг каш,
Тун, кун уза юрканур[23].
Изимни укурман,
Биликни югарман,
Кўнгилни тугарман,
Эрдам уза турлунур[24].
Улуғни тиларман,
Таварин юларман,
Тилакни бўларман,
Йилқим ангар ўпланур[25].

Тәңірі әлемді жаратты,
Тағдыр дәйім айланар.
Күн орнын түн басар,
Жұлдыздары даяр тұрар.
Жасыл көкті жаратты,
Жұлдыздары шашылды,
Мезон* жұлдыз тізілді,
Түн мен күн үстінде жамырап.
Йемді мақтаймын,
Білімді жиямын,
Көңілді мадақтаймын,
Өнер біткен жиналар.
Ұлылықты тілермін,
Мал-мүлкімді тігермін,
Тілегімді іздермін,
Жылқым соған сарп етіледі

* Сов- эпикалық поэзияның көне жанрларының бірі. М. Қашқари бұл жанрды “қысса, ежелгі оқиғаларды айтып беру, әңгімелеу” деп түсіндіреді (“Девону луғотит турк”. Уч томлик. III том, Т.: 1963, 168-б.)

* Күн жолымен қозғалатын жұлдыздың бірінің аты.

Дастанда көнелілік пен халықтық ескі әдет-ғұрпы сақталынған. Мысалы, Тәңірге арнап садақа беру – құрбандық шалу әрі Көк Тәңірі дінінің тағылымындағы нышандардан саналады. Лирикалық кейіпкердің Тәңірі жолына жылқысын арнауында сондай ұлы сенім көрінісін тапқан. Мұның өзі көне және ортағасырлық түріктердің әдет-ғұрпына өте-мөте ұқсайды. Берел қорығынан табылған қорғандарда 13 жылқының құрбандыққа шалынып, көмілгендігі жөнінде археолог З. Самашев хабарлаған [26]. Ол Берел қорғанының жасын б.д.д. IV ғасырға жатқызады. Таяу арада Түркістандағы көне Қарашық қаласының орнын қазған археолог М. Елеуовтің VII-VIII ғасырдағы күміспен күптеген әбзелдерімен арнайы түрде құрметтеп көмілген, етпетінен жатқан тұлпардың жерленген сүйегінің тұтас күйінде табылуы жылқы культінің қаншалықты зор саналғанын айғақтап отыр.

“Авестада” тұрандықтардың малшылар екендігі, олардың негізгі байлығы – ірі-қарамал, жылқы мен түйе, жерінің бәрі жайлау мен жайылымдардан тұратындығы, тамағының сүт пен ет екендігі айтылған. олардың құдайларға арнап малдарын құрбандық шалу да сөз болған. Осындай құрбандық шалуларға Заратуштра бірден қарсы шығады және де “Яштиде” оң саналатын басқалай құрбандық шалудың сипаттамасы пайда болады [27].

Дастанды жаратушы Алп Қаған мен оның атын сипаттауға да көңіл болған:

Қачан кўрса ани турк,
Бузун анға айдачи.
Мунгар тагир улуғлук,
Мунда нару кесилур[28].

Қашан көрсе оны түрік,
Шаттыққа толар толық.
Онда бар еді ұлылық,
Сірә, бұдан артық жоқ.*

Мұның бәрі дастанның кіріспе бөлімінде берілген. Содан соңғы негізгі бөлімде әкенің ұлына айтқан насихаттары берілген. Сонымен бірге Алп Ер Тоңаның баһадүрлігі, аң аулаудағы ептілігі мақталады. Кішігірім тайпалар мен бектерді бірлестіру, бүлік шығарғандарды бастыру негізінде бір мемлекет саясатын жүргізуге ұмтылыс дастанның қызықты оқиғаларының бірі болып табылады. Сондай-ақ, Оғрақ тайпасының Табду, Отар есімді бастықтарының Алп Ер Тоңаның ашу-ызасын келтірген іс-әрекеттері назардан тыс қалмаған. Тайпалар басшылары және бектері Алптан жеңіліп, тәубесіне келеді. Олар Алп Ер Тонғаға келіп бас иеді. Ол өзі үстемдік еткен жерлердің тыныштығын сақтау үшін түн баласы ұйқы көрмей, жерлерін шарлап жүретін еді.

Дастанда шекараны бұзғандар ретінде танғуттар тілге алынады:

Тангут сусин ушуклади,
Киши ишин элаклади.
Эрин атин беликлади,
Бўлун бўлиб баши тигди[29].

Тангут елін қыста басты,
Шәрмандалық тіптен асты.
Ерлер аттарын мініп қашты,
Тұтқын болып басын иді.

* Үзінді автордың аудармасында беріліп отыр.

Тангут хани юбилади,
Ўлум бирла тупулади[30].

Тангут ханы айлаға өтті,
Өлім сокқысын оған берді.

Жун мен Ди деген түрік тектес қауымдар б.э. дейінгі замандарда бүкіл Солтүстік Қытайды жайлаған еді. Олар өз халқының негізгі бөлігінен ажырап қалып, Дун-ху атты шығыс моңғолдар және хұндармен қосылысып кеткен [31]. Сондай-ақ, олар қытайлықтармен және батыстағы тибеттіктермен де аралас-құралас өмір сүрген. Нәтижесінде олар тангут атты тарихи халық болып шыға келген [32].

Дастан бойынша, Алп Ер Тонганың даңқы күн өткен сайын арта барды. Жұртқа шабуылдаған душпанды тізе бүктіріп, түрік тайпаларын біріктіруге әрекет жасар еді. Ол әскерлерін әр дайым мәрттікке, дұшпанға рақымсыз болуға шақыратын еді.

Ябакулар бегінің (бектігінің) әскербасшысы Бузруж (Бузруч) басмыл бегі тарапынан өлтірілген-ді. Ертіс өзені бойын жайлаған Ямак (Имек) тайпасы Бузруждың құнын талап етіп, аяққа тұрды. Үрейленген басмыл тайпасы олармен жарасуға ант етер-ді, бірақ Ұлы Қағанның келіп жәрдем беруін ынтызарлықпен күту мен болды:

Уситған куяш қапсади,
Умунчлиғ азаш яйсади.

Мый қайнатқан ыстық аптады,
Дос жамандықты қалады.

Эртиш сувин кечсади,

Ертіс суын хақ деді,

Будун анин ўркушўр[33].

Халықтар одан қорықты.

Дастанда әрі қарай Алптың түрік тайпаларын біріктіргендігі, елдің абат болып, Тұранға көктем келгендігі жөнінде сөз болды.

Ұлы Тұран мемлекетін аяққа тұрғызған Алп Ер Тоңа Иран елдерін де өзіне бағындыруға әрекеттенеді. Соғыста Иран шахы Манучехрді жеңеді. Оның ұлы Наузар әкесінің өшін алу үшін Алпқа қарсы соғыс ашады, бірақ қаза табады. Алп Ер Тоңа Иран еліне көп жылдар бойы зорлық-зомбылық көрсетеді. Таққа отырған Кайхұсрау да одан қорқатын-ды.

Иран шахы Кайхұсраудың Алпты қонақасына шақыруы және улап өлтіруін дастан оқиғаларының биік шоқысы деуге болады.

Жаңбырлы күндердің бірінде Алп Ер Тоңа әскерлерімен бірге Мидияға (Иран) қарап жол алды. Түрік қағанын Кайхұсрау және оның қызметкерлері күтіп тұрған еді. Оны Иран шахы сарайына шақырды. Түрік қағанының әскерлері тапсырманы күтіп, әр нәрсеге әзір болып тұрды. Бірақ Алптан хабар болмады. Сол кезде айналадағы табиғат та қорқынышты түрге оранды; аспанды қара қою бұлт торлап, кереметтей күн күркіреді. Қатты жел тұрды, найзағай оты жарқылдап, аспан қақ жарылғандай болды да, жаңбыр құйды шелектеп.

Кайхұсрау Алпты сарайда салтанатты түрде қарсы алды. Екі ел патшаларының көздері бір-біріне түйісті. Кайхұсраудың жүзінде күлкі ойнаса да, жүрегінде кектің табы бар еді. Оның зымиян күлімсірегенінде қыстың лебі, ал Алптың нұрлы жүзінде жаздың шуағы сезілетін-ді. Екі патша бір-

біріне сыр бермесе де, олардың қиялында шайқас басталған еді. Тұран мен Иран шахтарының кездесуі дастанда жаз бен қыстың қактығысындай етіп көрсетілген. Қыстың рәмізіне айланған Кайхұсрау бәрі де қар-жаңбырдан өнеді, барша жамандық, шыбын-шіркей, жыландар мен шаяндар сенен табылар деп, өзін көкке көтере мақтана сөйлейді. Бірден Иран шахы Тұран қағанын татулыққа, шаттықта өмір сүруге шақырады. Жігіттер шайқастарда жүруі керек емес, олардың еңбекпен, аң аулаумен айналысуы керектігін айтады. Отырыста ән-күйді беріле тындап, қайта-қайта тост көтеріседі. Алп Ер Тоңа соңғы тостағанға у салынғанын білмейтін еді. Ол Кайхұсрау дастарханының улы екенін кешірек түсінді. Алп Ер Тоңа өлім аузында жатып жанындағы қызметкерлеріне сүйікті хатыны Турқонға мына сөздерін жеткізуін өтінді:

Турқан қотун қутинга,
Тегур мендин қошиғ .
Айғил сизнинг табуғчи
Ўғнур янги табуғ[34].
Тутчи яғар булити,
Алгун тамар ариғ.
Акса анинг ақини.
Қани менинг қаниғ[35].
Урмуш ажун пусуғин,
Қилмиш ани балиғ.
Эмсам ангар тиланиб,
Сизда бұлур яқиғ[36].

Турқан деген қатунумға*,
Жеткіз менің сәлемімді.
Қызметкеріңіз қызметте болуға.
Әлі жарайды деп, хабар бер.
Қайыр бұлыттарынан,
Таза алтын жауады.
Акса оның ағыны,
Көңілге көп жағады.
Сындырып думан жаракты,
Етті мені мүгедек.
Одан дауа тіледім,
Жоқ ... тек сіз ғана–тәуіп.

Алп Ер Тоңг оның өлімінен соң Қайхұсрау түркі әскерлерін жеңіліске ұшыратады. Әскерлердің бір бөлігі тұтқындалды, бір бөлігі басқа елдерге қашып кетті. Тек кейбіреулері ғана көп машақатпен өз жұртына жете алды және Ұлы Қағанның өлімін естіртті. Сондағы Тұран мәлікәсінің жылап-сықтауы, айрылу (айқайы) әлемге сыймас еді:

Ўзик мени кучаюр,
Тун кун туруп йиғлаю.
Кўрди кўзум таврақин,
Юрти қалип ағлаю[37].
Елкин бұлуп ағлаю,
Кўнглум ангар бағлаю.
Қалдим эринч қадғуқа.
Ишим узу йиғлаю[38].
Барди кўзум яраку,
Алди язум қунуки.
Қамда эринч қаниқи,
Эмди ўзии узғурур[39].

Сүйіспеншілігім менің күшейер,
Күні-түні жылаймын.
Көрді көзім кеткенін,
Жұртта жалғыз қалдым мен.
Сүйіктім кетті алысқа,
Көңілімді оған байлаймын.
Қалдым бітпес қайғыда,
Ұзын күндер жылаймын.
Кетті көзімнің нұры,
Онымен тәнім рухы.
Қайда екен (сүйіктім),
Түндері жоғалды ұйқы.

* Қатун–Афрасиабтың қыздарының құрметті есімі. Бірақ бұл жерде хатун сөзі оның жұбайы ретінде тілге алынған.

Ұзик мени кумитти,
 Сақинч менга юмитти,
 Кўнглум ангар эмитти,
 Юзум менинг сарғарур[40].
 Кўнглум ангар қайнаю,
 Ичтин ангар ұйнаю,
 Келдим менга бұйнаю,
 Ұйнаб мени арғарур[41].
 Кўрди мени эмлаю,
 Бақти менга имлаю,
 Қалдим кўнгул тўмлюю,
 Қадғу мени турғурур[42].
 Этил суви ақа турур,
 Қая туби қақа турур.
 Балиқ тилим бақа турур,
 Қулунг тақи кўшарур[43].
 Йиғлаб узу артадим,
 Бағрим башин қартадим,
 Қачмиш қутуғ иртадим,
 Яғмур кўни қан сачар[44].
 Авлаб мени қўймангиз,
 Айик айиб қаймангиз,
 Ақар кўзум уш тенгиз,
 Тегра юра қуш учар[45].
 Юкунуп менга имлади,
 Қузум яшин ямлади.
 Бағрим башин эмлади,
 Элкин булуп ул кечар[46].

Махаббат дерті қоймайды,
 Сағыныш тағы қинайды.
 Көңілім оған тоймайды,
 Жүзім менің сарғаяр.
 Көңілім оған қайнайды,
 Жүрек-ділім ойнайды,
 Еніп енді көңіліме,
 Шаршатпайын қоймайды.
 Көріп мені емдеді,
 Қарап маған ымдады.
 Көңілім қалып жаурады,
 Қайғы мені жаралар.
 Еділ суы ағып жатыр,
 Жартас түбін қағып жатыр,
 Астында балық, бақа жатыр,
 Көлдің астын толдырып.
 Жылай-жылай жығылдым,
 Дертке дауа деп соны білдім.
 Бақытым кетті не дер ем,
 Жасқа толы көзім қан жылар.
 Алдымен мені тұтқындамаңыз,
 Содан соң тастап қоймаңыз.
 Көз жасым теңіздей болды,
 Тас төбемде құс ұшар.
 Тағызым етіп ымдады,
 Көз жасымды парлатты.
 Жүрек шерін тарқатты,
 Ғарып болып, ол кетті*.

Көрініп тұрғанындай, дастанда Алп Ер Тонга әйелінің-аса адал жардың көңіл-күйі жалпыластырылған. Оның қоштасу жоқтауынан өз жарын күшті сезіммен сүйген, қайғырып қан жылаған әйел қасіретінің лебі сезілгендей.

Алп Ер Тонганың жақсы қасиеттерінің, оның, әсіресе баһадүр хакан болып қалыптасуында әкесі үлкен роль ойнаған болуы керек. Осы тұрғыдан қарағанда, “Әке насихаттары” бөлімі дастан композициясында шешуші орынды иеленген. Әке перзентіне көршісіне жақсылық жасау, үйіне келген мейманды ренжітпеу және жақсы сый-құрметпен күтіп алу, тіпті оның атына да жем-шөбін аямау, ауыр жұмыстарды басқаларға бұйырмай өзі атқаруға әдеттену, тұрмыстағы қиыншылықтарға шыдау, төзімді болу, мал-мүлікке ден қоймау сияқты адами қасиеттерден сабақ береді. Алп Ер Тона баһадүр, сонымен бірге қарапайым да аңғал адам еді. Ол татуласу жей берме.

* Үзінді автордың аудармасында берілді.

қонақасына бекер келгенін кешірек түсінеді. Алданғандығы жөнінде былай дейді:

Қардуни еню сақинманг,	Берген мұзды гауһар деп білме,
Тузғуни маню сезинманг.	Сый-сыяпатта не берсе бәрін
Бұлмалик ненга севинманг,	Құр нәрсеге сүйінбе,
Билгалар ани йирар[47].	Біліп қой мұны, ей өкініш.

Жан беріп жатқан соңғы сәттерінде де Алп Ер өзін мәрттердей ұстап, Қайхысраудың жүзіне тігіле қарап, оны шайқасқа шақырады, мұнда қаһармандықтың өте күшті көрінісі жалпыластырылған.

Дастанда халық образы айрықша көңіл-күймен бейнеленеді. Халық бейнесі дастанның сюжеті мен идеялық маңызын анықтауда екі міндетті атқарған. Біріншісі, халықтың көңіл-күйін беру арқылы Алп Ер бейнесі толығырақ көрсетілген. Халық оны меймандос, халық қамы мен мұнын мұндап, жоқтайтын, жау әскерлерін қайтара алатын патша деп біледі, сонымен бірге оның Елді біржолата тастап кеткенінен зар илейді. Сол себепті қайырымды да қалқан болар қағанынан айрылып қалғаны үшін жағасын жыртып, көз жасы көл болып зарлайды. Екіншіден, халқының Алп Ер Тоңаның өліміне байланысты жоқтау айтуы, оның опат болуын асқар таудың құлауына теңеуі Халық пен Ел қағанының бірлігін, халықтың оны сүйенген тауы, қорғаны, Атасы деп білгендігін көрсетеді:

Аяулы ер:

Түрік көсемінің өліміне
Елдің қабырғасы қайысып,
“жүрегі жыртылып”, “қайғы солдырып”,
әйелдердің “меңді жүзі сарғайды”.
Бектердің бегі: “Бектердің бегін ап кетті,
Қашса қалай құтылар”.

Дастанда жақсылықтың рәмізіне айналған Алп Ер Тоңаның Жаз бейнесінде, ал Қайхысраудың Қыс бейнесінде берілуі олардың арасындағы бітіспес қайшылықты көрсетіп тұр.

Дастанда Қайхұсрау өз сөзінде тұрмайтын, оңбаған, өтірікші, екі жүзді, жамандық жолында ешқандай жауыздық істерден де қайтпайтын шах ретінде көрінеді, тілі мен сөзі басқа – басқа адам ретінде сипатталынады. Оның мұндай тұрқы Алпқа салынған тостағанды ішкізіп, сол заматы оның қайғылы тағдыры үстінен масқаралап күлгенінде көрінеді:

Анинг ишин кечурдим,	Оның ісін бітірдім,
Эшин ема качурдим.	Достарын да қашырдым.
Ўлум ўтин ичирдим,	Өлім уын ішкіздім,
Ичти бұлуб юзи тарин[48].	Ішті беті тыржиып.

Дастанның қорытындылаушы бөлімінде шығарма авторының көңіл-күйі берілген. Онда өткендегі ұлы адамдарды еске алу, олардың дана ойларынан бахра алу қажеттігі сезімі поэтикаландарылған. Дастанды келешекте оқитын жандарға үлкен жауапкершілік-бұрынғы замандардағы

жоғары білім, даналық ой, ақыл-парасат иесі болған кісілердің кеңесіне құлақ салу, қаһармандықты дәйім еске алып тұру міндеті жүктелген.

Алп Ер Тонга дастанын айтушының соңғы сөзі:

Эрди уза эранлар,	Бар еді ескі даналар,
Эрдам беги билиг тоғ.	Таудай биік білімде,
Айди укуш угутлар,	Еске алып насихаттарын
Кўнглум булур ангар соғ[49].	Қуаныш артар көңілімде.

Енді жоқтауды оқып, Алп Ер Тонганың жырдағы бейнесінен мынаны көре аламыз:

Алп Эр Тўнга ўлдиму
 Эсиз ажун қолдиму.
 Ўзлақ ўчин алдиму,
 Эмди юрак йиртилуру [50].
 Улишиб эран бўрлаю,
 Йиртин яқа урлаю.
 Сикриб уни Йўрлаю,
 Сигтаб кўзи уртулуру[51].
 Ўзлақ ярағ кузатти,
 Ўғри тузақ узатти.
 Беглар бегин азитти,
 Қачса кали қуртулуру[52].
 Ўгруюри мундағ ўк,
 Мундан азин тендағ ўк.
 Атса ажун ўғраб ўк,
 Тағлар баши кертилуру[53].
 Беглар атин арғуруб,
 Қазғу ани турғуруб.
 Менғзи юз сарғариб,
 Кўркум ангар туртулуру[54].
 Яғи утин учурган,
 Тўйдин ани кучурган.
 Ишлар узуб кечурган,
 Тегди ўки ўлдируру[55].
 Атса ўқин кез кериб,
 Ким тур ани йиғдачи.
 Тағиғ атип ўғраса,
 Ўзи қуйи йиртулуру[56].
 Ўзлақ ариғ кевради,
 Юнчиғ явуз тевради.
 Эрдам яма севради,
 Ажун беги чертилуру[57].
 Ўзлақ куни тевратуру,
 Ялингук кучин кевратуру.
 Эрдин ажун савритуру,

Алп Ер Тонга өлді ме,
 Жаман дүние қалды ма.
 Заман өшін алды ма,
 Енді жүрек жыртылар.
 Бөрі болып ұлыды,
 Жыртып жаға тұрысты.
 Жылап-сықтап жүрісті,
 Көз жастары мол болды.
 Дүние мұрсат көздеді,
 Ұры тұзақ салайын деді.
 Бектер бегін іздеді,
 Қандай қашып құтылар.
 Әдеттен зор нәрсе жоқ,
 Басқа сылтау және көп.
 Атса заман кезеп оқ,
 Таулардың басы күйрелер.
 Бектер аты шаршады,
 Қам-құса бектерді жаншыды.
 Жеңіліс жүзге қадалды,
 Өңі-беті сарғаяр.
 Дұшпан отын өшірген,
 Өз орнынан көшірген.
 Көп жұмысты атқарған,
 Тиді оған оғы өлімнің.
 Атса оғын замана,
 Оған не тең келеді.
 Тауды атса көздеп кеп,
 Құл-талқан боп кетеді ...
 Замана жұрты азайды,
 Ашкөз жауыз күшейді.
 Ізгі істер де азайды,
 Дүние бегі кеткенде.
 Дүние күнін азайтар,
 Адам күнін жайбасар.
 Елден ерді шеттетер,

Қачса тақи артилур[58].
 Билга буку юнчиди,
 Ажун ати янчиди.
 Эрдам эти тинчиди,
 Ерга тепиб суртулур[59].
 Ызлақ камуғ кувради,
 Эрдам ариғ савради.
 Юнчиғ явуз тувради,
 Эрдам беги яртилур[60].

Қашқан менен кім қалар.
 Білімділер езілді,
 Дүние тас-талқан болды.
 Әдеп өңі бұзылды,
 Жерге тиіп сүйретілер.
 Замана түгел күйреді,
 Жаман-жәутік көбейді.
 Білімі жақсы сиреді,
 Білім мен хикмет күйреді*

Сонымен Алп Ер Тоңаға арналған жоқтау – ежелгі түрік әдебиетінің алғашқы нұсқаларының бірі болып табылады деуге негіз бар. А.Хайитметовтың пікірінше, бұл төрттік-бәйіттер сол аңыздық қаһарманға, яғни Алп Ер Тоңаға бағышталған, бірақ бізге дейін жетіп келмеген үлкен халық дастанының үзіктері болса ғажәп емес [61].

Алп Ер Тоңаның өлімі түрік мемлекетінің күш-құдыретінің әлсіреуіне әкеліп соқты. Алдымен Иран шахтары (Кир, Дарий және т.б.), кейінірек Александр Македонский Орталық Азияға басқыншылық жасап, оның бірсыпыра жерлерін басып алды. Ескендір келгенде түрік қағандарының бірі Тонга ханның болғандығы “Девону луғотит туркте” тілге алынады. “Девондағы” мәліметтерге қарағанда, Тонгаханның ұлы Исрафыл Тонгатегін Ескендір хақындағы әкесінен естіген аңызды М. Қашқариға айтып береді [62]. Бұл деректер Алп Ер Тоңа ұрпақтарының кейінгі ғасырларда да өмір сүргендігін көрсетсе керек.

Алп Ер Тоңаның өлімі түріктер үшін үлкен қайғы-қасірет күні болды. Түріктер Алп Ер Тоңаны Ұлы патша, түріктер мемлекетінің Атасы деп білетін еді. Сол себепті оның қаһармандығын бейнелейтін дастандар, жоқтаулар шығарды. Мәселен, осындай рух Түркия түріктері арасында сақталынып келген бір өлең үзінділерінде де күшті махаббатпен бейнеленген:

Алп Ер Тонга деген қаған бар еді,
 Оған жер мен көк жүзі тар еді.
 Жалау еткен еді ол күн мен кәкті,
 Даналықта теңсіз, жаһанда бір өзі.
 Көк түрік, ұйғыр, қарлұқ және қараханды,
 Тағы қанша түріктер нысап-иманды.
 Оны өздеріне ата дейді,
 Жеңіс даңқын әр жақтан шығарды.
 Пенделікті атқарған қаған,
 Ел – жұрт көк киімге оралды сол заман.
 Іззет- құрметпен атын жоқтап,
 Қанды жас төгіп, шекті азап [63].

* Жоқтау үзіктері автордың аудармасында берілді. Мұнда олардың мағынасының сақталуына көп көңіл бөлдім.

Юсуф Хас Хаджибтің “Құтадғу біліг” шығармасында “Шахнамада” айтылатын Иранның Зұлым шахы Заххак пен оны жеңген, адал мифологиялық қаһарман саналатын әрі Афрасиабтың арғы тұқияны Фаридун салыстырыла жырланған:

Басқа, Заххак сорлы неге сорлады,
Фаридун жолын қалай қолдап, оңдады ?
Бірі ізгі ер-ді, оны мақтады,
Бірі зұлым еді, оны даттады.

Дастанда тәжіктердің Алп Ер Тоңаны Афрасиаб деп атағаны және оны өздерінің кітабында жазып қалдырғаны жөнінде сөз болады [64].

Юсуф Хас Хаджиб “Құтадғу білік” шығармасында Афрасиаб түрік қағандарының арасындағы білімді, өнерлі, парасатты, танымалдарының бірі болғандығын және оның Тоңа Алп Ер есімімен аталғандығын атап өткен [65]. Оның, әсіресе Елге тұтқа Ер және түріктің өз бектерінің ішінде атын асырған Ұлы тұлға болғандығы мына бәйіттерде көрініс тапқан:

Назар алсаң, бұл түріктің бектері,
Жаһанның өз бектері, асыл тектері.
Түрік бектері ішінде атын асырған,
Алып Тоңа Ер еді, құты тасыған.
Білімі – даңқы ұлы, көптің сарасы,
Білімді, ойлы әрі халық ағасы.
Зерек, дана көңілі сара, сері еді,
Жұтты жалған, елге тұтқа ер еді!

“Құтты білік” дастанының басқа бір жерінде Юсуф Хас Хаджиб Алп Ер Тоңа заманынан келіп жеткен және тура түрік қағанына телінген бір насихатты келтіреді:

Алп Эр Тўнга сўзин эшитгин, (у) нима дейди,
У ўгит, панд, насихатни билиб сўзлабди, кўр:
Киши кўнгли гўштдир, (у) хид билан бузилади,
Гўштни хам жуда авайлаш керак, әй феъли қодир.
Қанчалик яхши, чақувчи тингламайдиган одам бўлса (хам)
Ғийбатчи орага кирса, (у) сабр қила олмайди (яъни чақувчига
қулоқ беради).

Қанчалик яхши, заковатли, зийрак бег бўлса (хам)
Чақимчи янин бўлса, (унга) малол келтиради.

Мазмұны:

Алп Ер Тонга сөзін тыңдаған, (ол) не дейді,
Ол үгіт-насихаттын біліп сөйлепті, көр:
Кісі көңілі ет қой, (ол) иістеніп бұзылады,
Етті де өте абайлау керек, ей, мінезі көрікті.
Қаншалақты жақсы, өсекшіні тындамайтын адам болса (да),
Өсекші араға кірсе, (ол) сабыр сақтай алмайды (яғни
өтірікшіге құлақ салады).
Қаншалықты жақсы, парасатты, зерек бек болса (да),
Өсекші жақын болса, (оған) ауырлық келтіреді [66].

Бұл үзіндіде Алп Ер Тоңа данышпан және парасат иесі ретінде ұлықталған. Алп қаған заманынан келіп жеткен бұл хикматты сөздер “Девону луғотит туркте” халық мақалы сипатында былайша түсіндіріледі: “Қылышты тот басса, батырдың халі жаман болады. Әсіресе, түрік ирандық ахлақпен жүрсе, еті өзгереді – иістенеді. Бұл мақал батырлыққа үнделген кісіге, әр нәрсенің өзі сипаттас, жыныстас нәрсемен бірге болуы керектігіне мезгей айтылады” [67]. Алп Ер Тонганың дана адам болғандығын ол айтқан басқа хикметті сөздер де дәлелдей түседі.

Омар Хаямның (“Наурызнама” шығармасында) жазуынша, Афрасиаб: “Эрга от андоғким, кўкка ой” [68], яғни “көкке-аспанға ай жарасқанындай, жігітке ат жарасады”, деп айтқан.

Әбу Райхан Беруни де Афрасиаб есімін тілге алған. Оның “Қонуний Масъудий” шығармасында Иран мен Тұран шахтарының тарихи тұлғалар екендігі жөнінде мәлімет берілген: “Манучехр-көне Иран патшасы. Афрасиаб-Тұран патшасы. Қайхусрау (Ксеркс, бұл – Дарийдің ұлы Ахсурус Хысрау) Иранның Ахмани патшаларынан болады” [69]. Берунидің Қайхысрауды Дарийдің ұлы ретінде танытуы, әрине, шындыққа тура келмейді. Дарий (Доро) Қайхысрау мен Алп Ер Тоңалардан кейінгі ғасырларда өмір сүрген. Ол үкіметті б.д.д. 522 ж. қолына алған. Ал оның мирасқоры Ксеркс болған (б.д.д. 486-464 жж.). Ықтимал, ұлы ғұлама бұл жерде жаңылысқан көрінеді. Қалай болғанда да Беруни тарапынан Афрасиабтың тарихи тұлға ретінде мойындалуының өзіндік маңызы бар.

Алп Ер Тонга хақында толығырақ мәліметтерді біз Махмуд Қашқаридің “Девону луғатит түрік” кітабынан аламыз. Ұлы тілтанушы алдымен түрік қағанына берілген есімді былайша түсіндіреді: “Тоңа – жолбарыс тұқымдас бір түрлі хайуан. Ол – пілді өлтіретін аң. Бұл сөздің мағынасы осы еді. Бірақ бұл сөз түркілерде мағынасы өзгерген түрде қолданыла береді. Бұл сөз көбіне кісілердің қосымша лақап аты орнына жүреді. Түркілердің ұлы ханы Афрасиабты Тоңа Алп ер деп атайтын еді. Бұл жолбарыс сияқты күшті батыр адам деу” [70]. Ал Афрасиаб – Фирдаусидың ұлы дастаны “Шахнамада” ирандармен соғысатын Туран (түрк) батыры. “Шахнамада” Афрасиаб өте көмескі, бұлдыр сөз болатын герой Гершасптың үшінші ұрпағы Тахмурас, оның ұрпағы Сам, оның ұрпағы Рустеммен соғысады. Бұл туралы М. Қашқари: “Афрасиаб Тахмурастан үш жүз жыл кейін Мервті салған еді”, - дейді [71].

Афрасиаб-Алп Ер Тоңа батырдың нағыз аты. “Қашқари шәһары Ордакент деп аталады. Бұл хан тұратын орда – астана деген ұғымды білдіреді.

Шәһардың ауасы таза болғандықтан Афрасиаб сонда тұрған. Бұл шаһар Шынға жатады”.

“Барчүк” Афрасиаб салдырған шаһарлардың бірі.

“Қаз– Афрасиабтың қызының аты. Қазойын шаһарын сол салдырған. Бұл сөздің негізі “Қазвин–Қаздың ойнайтын жері деген сөз.” Қыз үнемі сонда тұрып, серуен құратын. Сондықтан кейбіреулер Қазойын шәһарын Түркі

елінің шекарасы деп есептейді. Сондай-ақ, Құм шаһары да шекара болып саналады. Себебі – құм түркі сөзі. Афрасиабтың қызы мұнда тұрақты аң аулайтын және дем алатын. Кейбіреулер Мәруәш – Шахажан шәһарын да шекара санайды. Өйткені қыздың әкесі Тоңа Алп Ер сол Афрасиабтың өзі. Афрасиаб Тахмұрастан үш жүз жыл кейін Мары (Мерв) шаһарын салдырған. Кейбіреулер бүкіл Мәуараннаһарды Түркі елі деп те санайды. Ол Янкенттен басталады. Оның тағы бір аты Дизройн – Мыс шаһары. Беріктігіне байланысты солай аталған. Бұл Бұхараға жақын. Осы жерде Афрасиабтың қызы - Қаздың күйеуі – Сияуыш өлтірілген. Мәжусилер – отқа табынушылар жыл сайын сонда бір күн жиналып, құрбандық шалып, қабіріне қанын шашады. Бұл оларға салт болып кеткен. Бүкіл Мәуараннаһр мен Янкенттен шығысқа дейінгі жерлерді Түрк шаһарлары дейтініміз сондықтан. Самарқанд – Семізкент, Шам – Ташкент деп аталатындары сияқты, Өзкент, Түнкент деген атаулар да бар [72].

“Қазсуы – Ілеге құятын өзен. Афрасиабтың қызы осы өзеннің бойына тағы бір шәһар салдырып, өзеннің атымен осылай Қазсуы деп атаған”. “Барсқан-Афрасиабтың ұлы Барсқан салдырған шәһар”. “Барсқан – Афрасиабтың ұлының есімі”.

Диуанда түрік қағанының перзенттері және сол әулеттің қалалары туралы да маңызды мәліметтер берілген. Ұлы тілші жазады: “Юнгу – Барман қалашығына берілген үлкен бір дария аты. Бұл дария бойында Афрасиабтың Барман есімді ұлы қалашық құрған еді. Қала да оның атымен аталады. Бұл - Рум өлкесін Исхак пайғамбардың ұлы Исустың ұлы Румға байланыстыра айтылғаны сияқты” [73].

Ал Наршахидің (959 ж. қайтыс болған) “Бұхара тарихы” атты еңбегінде де Афрасиабтың қалаларды, әсіресе Бұхараны салдырғаны жайлы айтылған.

Әмір Темір және оның ұрпақтарының заманында Афрасиаб есімімен байланыстырыла айтылған аңыздар мәшһүр еді. Ол түркілердің ұлы сақыпқыраны, Иран шахтарын жеңген алып (Забардаст) қолбасшы ретінде ұлықталған. “Темур-номада” мынадай жылы лебіздер білдіріледі. “Афрасиаб, Рустам ибн Зол, Кайковус бұлар Жәмшидтің әулетінен. Афрасиаб Пушанның ұлы еді, түріктерге жатады. Күллі Түркістан мен Мәуараннаһр және Машырық халқы оның билігінде еді. Есепсіз әскерлері бар еді. Әскерлерін тартып Манучехрге келді. Жеті жыл соғысып, ақыры бітімге келісті. Арш есімді бір баһадүр бар еді. Биік таудың басына шығып бір оқ атты, ол ... ұшқан бойы Замованд пен Табаристаннан өтіп Жайхун жағасына келіп бір-ақ түсті. Ол жұрттың баршасын Афрасиаб бағындырды” [74].

Әлішер Науаи шығармашылығында Алп Ер Тонға Афрасиаб атымен тілге алынған. Ол түрік қағаны жайлы мәліметтерді парсы-тәжік тіліндегі тарихи кітаптар және Фирдаусидің “Шахнамасынан” алған. Сол себепті ол Афрасиабты тұлғаландырғанда парсылық көзқарас шеңберінен шыға алмаған. Ақын “Садди Искандарий” дастанында былай деп жазады:

Аудармасы: Тағы да патшалық етті Афрасиаб,

Иранды зұлымдықпен тас-талқанын шығарды бірақ,
Замананында абат еді, оны құлдыратты,
Айта алмаймыз оны деп абатты [75].

Әлішер Науаи “Тарихи мулуку Ажам” кітабында Афрасиаб тұлғасына кеңірек тоқталып өтеді. Аудармасы: “Афрасиаб. Оны айтамын. Пушаң бинни тур бинни Фаридун ұлы және оның кейбір қасиетін Каюмаркстікімен тәндестіреді. Бірақ бұрынғысы дұрысырақтау. Өйткені Наударды өлтірді, Иран мүлкін талады, ағаштарын кесті және ғимаратын құлатты және кәріздер мен бұлақтарын жауып тастады және ол кезде Соми Нариманға өтіп, Зол ұлы Рустам әкесінің жерлеу мәресіміне байланысты машғұл еді. Зол өзінің әскерімен шабуылдап оны Иран жерінен шығарды. ... Афрасиаб патшалығы 12 жылға созылды [76].

“Тарихи мулуку Ажамда” Манучехр Фаридунның ұлы Эрождың қызының ұлы деп жазылған. Ол Иракқа су жіберіп, елді бау-бақшаға айлантырады. Афрасиаб оның еліне қосын тартып келеді. Амударияның арғы жағын оған беріп, бітімге келеді. Наудар-Манучехрдің ұлы. Афрасиаб әскерімен келіп оны өлтіреді. Екі жыл Иран жерінде тұрып, жақсы ғимараттарын бұзып, жермен-жексен етеді. Содан соң Иранда таққа Зоб бинни Тахмасп (кейде Фируз деп те аталады) отырады. Ол Афрасиаб бұзған жерлерді абат етеді. Содан соң тағын Гиршаспқа береді. Гиршасыптың билігі тұсында Афрасиаб Иранға тағы қосын тартып барып, оны жеңеді. Гиршасп Золи Зар Забулстандан әскер тартып келіп, Афрасиабты Ираннан қуып шығарады.

Әлішер Науаи Сиёвуш және Афрасиабпен байланысты өрбіген оқиғаларды былайша баяндайды: Кайковустың Сиёвуш деген ұлы бар еді. Өгей анасы Судоба оған ғашық болып қалады. Судоба өз мақсатына жете алмағаннан кейін, Кайковусқа Сиёвушты қаралап көрсетуге тырысады. Сиёвуш өзінің күнәсіз екендігін дәлелдеу үшін отқа түседі. Пәктігін ақтап алады, бірақ әкесінің райына қарсы бара алмай Афрасиаб жанына келеді. Афрасиаб оған қызын және Түркістан уәлаятын да сыйға береді. Бірақ Гирсиюздың іштарлығының нәтижесінде оның жалған сөздеріне сеніп Сиёвушті өлтіреді. Оның өлімінен соң Афрасиабтың қызы ұл туады. Оның атын Кайхысрау қояды. Кайхысрау балағатқа жеткен кезінде Иран әскерлерінің бірі Гударз оны анасымен бірге Иранға әкетіп қалады. Золдың ұлы Рустам Сиёвуштың құнын сұрау үшін Тұранға қосын тартады. Тұранның быт-шытын шығарып, өртейді. Соңында Кайковус өзінің салтанатын Кайхысрауға тапсырады.

Кайхысрау Афрасиабтың көзін жою үшін Фаромура мен Тусты Тұранға жібереді. Бірақ олар жеңіліс тауып, еліне қайтып келеді. Кайхысрау оларды тағы Тұранға соғысқа жібереді. Бұл жолы да олар жеңіске жете алмайды. Ақырында Кайхысраудың өзі қосын тартып Тұранға аттанады. Афрасиаб оған бәс келе алмастан қаша жөнеледі. Кайхысрау оның соңына түседі. Хорезмде Афрасиабтың ұлы Шайдани өлтіріледі. Афрасиаб бұл

жерден де қашады. Ирақ пен Ажам жаққа жол алады. Қайхысрау Афрасиабты Әзірбайжанға дейін кұғындап барады да, оны өлтіреді. Көңілі тыныш тапқан Қайхысрау салтанатын Қайкұбод әулетінен болған Лухраспқа тапсырады да, өзі ғайып болып кетеді. Көрініп тұрғанындай, Науаи Афрасиаб бейнесін және оның патшалық кұрған кезін өмір шындығы ретінде қарастырған болса да, оның мәліметтерінде Фирдаусидің және парсы-тәжік аңыздарындағы Афрасиабпен байланысты сюжеттер ықпалының табы анық сезіліп тұрады.

Афрасиаб есімі мен оның этнотегі жөнінде Мұхаммед Хайдар Дулати өз кезінде пайымдауларын жазып кеткен. “Қашқар”, – деп жазады ол “Тарих-и Рашиди” атты еңбегінде, – көне әрі байырғы мәшһүр қалалардың бірі. Ежелгі заманнан бері Қашқар сұлтандары Афрасиаб – түрік ұрпағынан (шығатын) еді. Осы Афрасиабты моғолдар Буға хан деп атайды. Оның тегі: Афрасиаб ибн Пиш ибн Дад Нишин ибн Тура ибн Афридун. Бұл “Тарих-и-Гузида” кітабында айтылған. Аталған мәлімет Қожа Рашидаддин Фазлаллахтың “Мажма ат-тауарих” кітабынан алынған. Кейбір тарихи еңбектерде бұдан да көбірек мәлімет берілген <Алла жақсы біледі>[77].

Бұдан әрі қарай автор Қашқар мазарларына қатысты айтқанда, олардың ең біріншісі Сатук Бағра хандікі, ол Афрасиаб әулетінен шыққан, Жүсіп Қадыр ханның және Сұлтан Илак Мазидың атасы саналады, – дейді [78].

Беделді кітаптар мен тарихи шығармаларда Баласағұнды Афрасиабтың салған қалаларының бірі деп айтады. Оны өте жоғары мақтаған “Мажма ат-тауарихта” (“Тарих жинағы”) былай деп айтылған: “Баласағұн қара қытай заманына дейін Афрасиабтың (“ұрпақтарының”) билігінде болған. Қара қытай Гурхан Баласағұнды Илек ханнан тартып алды, ол Афрасиаб нәсілінен еді. Содан оны өзінің астанасы етті. Тоқсан бес жыл бойы Баласағұн қара қытайдың астанасы болып келді”[79].

Түрік хағаны Алп Ер Тонга тұлғасы мен іс-қызметі ХХ ғасырдың тарихшылары тарапынан да зерделенген.

Шығыстанушы В.В. Бартольд Афрасиабты аңыздық тұлға деп біледі. Ол ойын былайша тұжырады: “Қарахандықтар тек ислам әсеріне ғана беріліп қалмастан, өздерін парсы эпосындағы Тұранның аңыздық патшасының бейнеленуіне байланысты Афрасиаб әулетінің өкілдері деп атай бастады, ал бұл атау болса түркі тілінің дыбысталуының кұрылымына мүлдем сай келмейді”[80].

Ал өзбектің танымал ғалымы С. Муталлибов Афрасиабтың тарихи тұлға екендігін “Девону луготит туркте” келтірілген мәліметтер негізінде дәлелдеуге тырысады [81]. Бірақ тек бір ғана “Дивандағы ” дәйектеулер жеткілікті бола қояр ма екен?

Х. Короғлы болса “Шахнамадағы” Афрасиаб пен “Құтадғу біліктегі” және “Девону луготит турктегі” Алп Ер Тоңаны типологиялық тұрғыдан талдау жасап, олардың бір қаһарман екендігін тұжырымдап береді. Бірақ,

оның пікірінше, Афрасиаб және Алп Ер Тоңа аңыздық бейне болып, оның жасалуына оғыз қағандарының аңыздық қаһармандықтары негіз болған [82]. К. Шониёзов та Афрасиаб және көне Иран патшалары (Афридун, Манучехр, Кайкубод, Кайковус, Кайхысрау және т.б.) аңыздық тұлғалар болып табылады, деп жазады [83].

Өзбек зерттеушілері Х. Донияров, Қ.Махмудов, Б. Камоловтар Алп Ер Тоңа – Афрасиабтың тарихи тұлға екендігіне күмән келтірмейді [84].

Ежелгі тарихты зерттеуші Н. Рахмонов та Алп Ер Тоңаның тарихи тұлға екенін егжей-тегжейлі дәлелдеп бергендей: Алп Ер Тоңа тарихи тұлға ретінде ұлы Тұран мемлекетін қалпына келтірген. Оның мемлекеті сак-скиф деп аталған болып, мемлекеттің шекарасы былайша өтеді: “Эрамызға дейінгі VII-эрамыздың II ғасырларында Оңтүстік Сібірия, Енесай өзені мен Ертіс дариясының жағалаулары, қазіргі Мажарстан (Венгрия) және Чехославакия, Хазар теңізі бойлары, Иран, Ирак, Сирия және Түркия мемлекеттерінің орнында сак-скиф империясы орын тепкен. Ирандықтар өздерін сактарға қарсы қойған екен, демек сактар, негізінен түріктерден құралған болып шығады деуге негіз бар” [85].

Өзбек зерттеушісі А.Абдурахмоновтың пікірінше, түркі халықтарының тарихында Алп Ер Тоңа немесе Афрасиаб атымен тарихи тұлға-қаған болмаған. Жолбарыстаннан да күшті баһадүр ер – Алп Ер Тоңа түрік халықтары шахтарының біріне қатысты қолданылған лақаб. Олай болса мұндай ұлы атқа кім ие болған еді? “Түрік халықтары арасында Алп Ер Тоңа атымен даңқы шыққан қаған тағдырымен байланысты өрбіген оқиғалар грек және ассирия тарихшыларының шығармаларындағы скиф-киммерлер патшасы Мадиеc тұлғасына тура келеді. Алп Ер Тоңаға тән баһадүрлік, сондай-ақ күшті және құдыретті әскерге ие болу, жаһанның көп бөлігіндегі елдерді өзіне бағындыру мен душпан шахы тарапынан оған у беріп өлтірілуі Мадиеc өміріне тура келетін оқиғалар... Өмір шынымен Мадиеcді Мидия шахы Киаксар (Кайхысрау) улап өлтіргендігін көрсетеді ... Демек, Алп Ер Тоңа – Афрасиаб тарихи тұлғаның атын білдірмейді. Бұл атаулар түрік және парсы әдебиетінде эрамыздан алдыңғы VII ғасырларда өмір сүрген Мадиеc (оны автор Мадай деп атаған) қағанға қатысты қолданылған лақабтар ... Сондықтан Алп Ер Тоңа мен Афрасиаб іс-әрекеттерінің негізінде тарихи шындық жатқандықтан да олар тарихи тұлға деп қаралады. Соған байланысты түрік және парсы-тәжік әдебиетінде, сондай-ақ тарихи деректерде бітілген бұл екі қаһарманды бір тұлғаның жалпыластырылған аты ретінде түсіну қате болмайды” [86].

Афрасиаб -қағанның лақабы. Қара-күштілік, баһадүрлік, сенім белгісі, нышаны. “Алыстан бір қара (адам) көрінді”, “Қарасын да көрсетпеді” сияқты сөз – тіркестерде қолданылатын қара сөзі Алтай халықтарының “Мадай Қара” деп аталатын дастанында өзінің көнелік қасиет-ерекшелігін сақтап қалған. Егер Афра = ға сиех сөзі тіркелсе қара атты, жоғары мәртебелі кісі, даңқты, айбатты, сұсты, салауатты қара патша мазмұны келіп шығады. Карахандықтар династиясының өздерін Афрасиаб әулетіненбіз,

Қарахандықтардың шаңырағының өкілдеріміз деп есептеуі де жоғарыдағы тұжырымның мән-мағынасын айқындап тұрғандай. Бұл айтылғандар А. Абдурахмоновтың Афрасиаб жөніндегі ой-пікірлерінің өзегін кұрайды. Оның Алп Ер Тоңа мен Мадиездің арақатынасы жөніндегі пайымдауын болжам деп қана қабылдаймыз. Ал Афрасиаб пен Алп Ер Тоңа тұлғасына қатысты деректер, аңыздар және айтылымдарды тек тарихи шындықтың жаңғырығы, соның Ел-жұрт есінде сақталынған пішіні деп қана қабылдаған жөн.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Авдиев В.И. История древнего Востока. М., 1970; Рагозина З.А. История Ассирии. М., 1998; История древнего Востока. Учебник. М., 1979 және т.б.
2. Геродот. История в девяти книгах. Л., 1972.
3. Рагозина З. А. История Ассирии. М., 1998.
4. Дитмар А.Б. От скифии до Элефантины. М., Гос. Изд-во Географической литературы. 1961, 22-23-б.
5. Рагозина З. А. История Ассирии. М., 1998, 469-б
6. Гомер. Одиссея. Перевод В.А. Жуковского. М., “Советская Россия”, 1983, 314-б.
7. Сулаймонова Ф. Шарқ ва Ғарб. Т., 1981; Рахмон Н. Турк хоконлиги. Т., 1993; Бойназаров Ф. Ўрта Осилнинг антик даври. Т., 1991.
8. Киелі кітап. Таурат, Забур және Инжілден алынған қысқаша түсініктемелер қосылған таңдамалы жазбалар. Стамбул, 1993, 25-б.
9. Бұл да сонда.
10. Геродот. История в девяти книгах. Л., 1972, 333-б. Дәйексөз. Г.А. Стратановскийдің аудармасынан келтірілген.
11. Бұл да сонда, 45-б.
12. Рагозина З.А. История Ассирии. М., 1998, 343-б.
13. Темур тузуклари. Тошкент, 1991, 32-б.
14. Бұл жөнінде толығырақ қараңыз: Абдурахмонов А. Алп Эр Тунга. Ташкент, “Фан”, 1995.
15. Авесто. Мансур Яшттар. Фарвардин қасидасы, 31-бөлігі, 143-бөлікше. Техрон, 2001.
16. Сафа, Зебихуллах., Хамасе Сера-и дар Иран аз Қадимтерин Ахд-и Тарих та Кам-ы Чаром-ы Хиджри, Тахрон, 1333, 122-123 б.
17. Сафа, Зеби Хуллах. Сергузешт-и Се Хезар-у Понсед Сале – и Ирон Тахрон, 1338, 5-4-3-б.
18. Фитрат. Энг эски турк адабилтининг намуналари. Ташкент– Самарканд, 1927.
19. Стеблева И.В. Развитие тюркских поэтических форм в XI веке. М., 1971, 109-279-б.
20. Иброхимов М. Узбек балладаси. Т., 1974, 47-48-б.
21. Валихужаев Б. Узбек эпик поэзиясы тарихидан. Т., “Фан”, 1974, 7-б.
22. Кошғарий М. Девону луғотит турк. Уч томлик, II том. Т., 1974, 350-б.
23. Бұл да сонда, I том, 318 – б.
24. Бұл да сонда, II том, 283-б.
25. Бұл да сонда III том, 99-б.

26. Археология. 24 ғасыр жер астында.–“Түркістан”, 26 желтоқсан, 2002 жыл.
27. Авесто. Теһрон, 2001, 194-б.,
28. Кошғарий М. Девону луғотит турк. Уч томлик, I том. Т., 1974, 335-б.
29. Бұл да сонда, 299-б.
30. Бұл да сонда, III том, 340-б.
31. Грум-Гржимайло. Западная Монголия и Урянхайский край. Т. П. Л., 1926, 15-б.
32. Гумилев Л.Н. Динлинская проблема. // Известия Всесоюзного Географического общества СССР. 1959, N: 1.
33. Кошғарий М. Девону луғотит турк. Уч томлик, I том. Т., 1974, 170-б.
34. Бұл да сонда, 357-б.
35. Бұл да сонда, 358-б.
36. Бұл да сонда, 386-б.
37. Бұл да сонда, III том, 275-б.
38. Бұл да сонда, 324-б.
39. Бұл да сонда, I том, 81-б.
40. Бұл да сонда, 99-б.
41. Бұл да сонда, 230-б.
42. Бұл да сонда, III том, 310-б.
43. Бұл да сонда, I том, 103-б.
44. Бұл да сонда, 270-б.
45. Бұл да сонда, II том, 51-б.
46. Бұл да сонда, III том, 93-б.
47. Бұл да сонда, I том, 396-б.
48. Бұл да сонда, 82-б.
49. Бұл да сонда, I том, 116-б.
50. Бұл да сонда, 77-б.
51. Бұл да сонда, 197-б.
52. Бұл да сонда, II том, 272-б.
53. Бұл да сонда, I том, 174-б.
54. Бұл да сонда, 449-б.
55. Бұл да сонда, 476-б.
56. Бұл да сонда, III том, 116-б.
57. Бұл да сонда, 48-б.
58. Бұл да сонда, II том, 387-б.
59. Бұл да сонда, III том, 318-б.
60. Бұл да сонда, I том, 128-б.
61. Хайитметов А. Халтбахш чашма. Тошкент, 1974, 144-145-б.
62. Кошғарий М. Девону луғотит турк. Уч томлик, I том. Т., 1974, 135-б.
63. Цздек Р. Тьркларнын алтин kitabi. Birinzi cilt. Istanbul, 1990, 26-s.
64. Юсуф Хос Хожиб. Қутадғу билиг. 2 нашри. Т., 1972, 102-103-б.
65. Бұл да сонда, 102-103-б.
66. Бұл да сонда, 858-859- б.
67. Кошғарий М., II том, 326-б.
68. Хайлм У. Наврузнома. Т., “Мехнат”, 1990, 42-б.
69. Беруний Абу Райхон Қонуни Маъсудий. Танланган асарлар. V жилд. Биринчи китоб. Т., 1973, 137-б.
70. Кошғарий М., III том, 379-б.
71. Бұл да сонда, 163-б.

72. Бұл да сонда.
73. Бұл да сонда, 380-б.
74. Темурнома. Амир Темур Курагоний жангомаси. Т., 1990, 34-б.
75. Навоий А. Хамса. Т., 1960, 647-б.
76. Навоий А. Асарлар. Ун беш томлик. Ун туртинчи том. Т., 1968, 191-б.
77. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди (Хак жолындағылар тарихы). Алматы, “Тұран” баспасы, 2003, 317-б.
78. Бұл да сонда, 328-б.
79. Бұл да сонда, 402-б.
80. Бартольд В.В. Сочинения. Том V. М., 1968, 79-б.
81. Қараңыз: Кошғарий М. III том.
82. Короглы Х. Алп Ер Тонги и Афрасияб по Юсуфу Баласагуни, Махмуду Кашгарии и другим авторам. – “Советская тюркология”, 1970, N: 4.
83. “Ўзбекистон адабилти ва санъати”, 1991, йил, 26 апрель.
84. Донилров Х. “Узбекнинг лши”.– “Узбекистон адабилти ва санъати”, 1991 йил, 1 март және 19 май.
85. Рахмон Н. Турк хоконлиги. Т., 1993, 8-б.
86. Абдурахмонов А. Алп Ер Тўнга. Тошкент, “Фан”, 1995, 28-29-б.